

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы мен рәмізінің сипатын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 47 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы мен рәмізінің сипатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы мен рәмізінің сипатын бекіту туралы

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заны 12-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. *Қоса беріліп отыраған:*

- 1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауының;
- 2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның рәмізінің сипаттары бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H.Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2015 жылғы " "

№ Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауының сипаты

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның жалауы екі жақты матадан, ағаш саптан және шашақтары бар баудан тұрады.

Жалаудың матасы тік бұрышты, көлемі: ұзындығы – 150 см, ені – 100 см, көгілдір

тұсті жібек файдан екі бүктеліп жасалады және үш жағының шеттері алтын тұстес
жібек шашақ пен көмкөріледі.

Матаның оң жағының орта тұсында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының контуры алтын тұсті жібек жіппен жапсыра тігілген, бейненің көлемі биіктігі бойынша 50 см. Матаның жоғарғы жақ шетінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ал төменгі жағында – «ОТАН ҰШІН» деген жазулар алтын тұстес жібек жіппен кестеленген, жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сырт жағының ортасында – «жел бағыты» мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызығылт-сары тұстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бейнеленген жер шарының айшықты контуры енгізілген тік бұрышты көгілдір тұсті мата, жер шары айшықты контурының астында қалықтаған қыран, ал төменгі шетінде – «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ» деген жазу. Жазу әріптерінің көлемі – 6 см. Жер шарының айшықты контурының үстінде алтын тұстес жібек жіппен «МИНДЕТ, АБЫРОЙ, ЕРЛІК» деген жазу кестеленген. Жазу әріптерінің биіктігі – 7,5 см.

Матаның сол жағында оны ағаш сапқа өткізуге арналған диаметрі 4 см тесік бар. Ағаш саптың бойынан матаның екі жағында ұлттық оюмен өрнектелген тік жолақ бар.

Жалаудың сабы дөңгелек қималы ағаштан жасалған, диаметрі 4 см, ұзындығы 250 см. Сап қою қоңыр түске боялған, лакталған және төменгі ұшында металдан жасалған шығыршығы, ал жоғарғы ұшында – алтын тұсті әшекейлі ұштығы бар.

Жалаудың алтын тұсті жібек жіппен ширатылып жасалған бауы, ұштарында қос шашағы бар. Баудың ұзындығы – 270-285 см.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы жалауының суреті осы сипаттамаға қосымшаға сәйкес белгіленген.

| | | |
|---------------------|-----------------|-----------------------|
| А заматтық | қ о рға у | с а л а с ы н д а ф ы |
| у ә к і л е т т і | о р г а н | в е д о м с т в о с ы |
| ж а л а у ы н ы н ы | с и п а т ы н а | |
| Қ О С Ы М Ш А | | |



Қазақстан
Президентінің
2015 жылғы «»
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Республикасы

**Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган
ведомствосы рәмізінің сипаты**

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының рәмізі қызыл жолақпен жиектелген көгілдір түсті шеңбер салынған сегізбұрышты жұлдызды білдіреді. Шеңбер жиегінің бойында алтын түсті әріппен жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН», солдан онға қарай «ИШКІ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ», жиегінің бойымен

шенбердің ішінде «АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТИНЕ!» деп жазылған. Шенбердің ортасында – «жел бағыты» мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызылт-сары түстес шенбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айышықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында – қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен «ТЖК» аббревиатурасы. «Жел бағыты» мен өрнектің бейнесі, «АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТИНЕ!» деген жазудың, «ТЖК» аббревиатурасының, жер шары мен қыранның контурлары – алтын түсті. Жер шары мен қыран контурларының ішкі кеңістігі – көк түсті.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосы рәмізінің суреті осы сипатқа қосымшаға сәйкес белгіленген.

А зам ат ты қ
у ә к і л е т т і
р ә м і з і н і н
ҚОСЫМША

қ о рғау
о р г а н
с и п а т ы н а

с а л а с ы н д а ф ы
в е д о м с т в о с ы

